



Сабақтың тақырыбы: «Ұлттық киімдер» қорытынды сабақ



Сабақтың мақсаты:

- *Білімділік мақсаты:*
- Оқушылардың қазақтың ұлттық киімдері туралы алған білімдерін естеріне түсіре отырып, білімдерін бекіту.
- *Дамытушылық мақсаты:*
- Сауатты жазуға, дұрыс сөйлеуге, өз бетімен жұмыс істеуге үйрету, сөздік қорын дамыту және қазақ тілінде еркін сөйлей білу әрекеттерін жетілдіру.
- Тәрбиелік мәні:
- Мемлекеттік тілді құрметтеуге, отансүйгіштікке, адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу. Қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы, салт-дәстүрі, мен өнеріне қызығушылықтарын арттыру

Тапсырма 1: Киімге байланысты мақал-мәтелдерді аяқта.

- * «Ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек»
- * Жылы киім тәнді жылытар,
Жылы сөз жанды жылытар.
- * Киім кірі жуса кетеді,
Көңіл кірі айтса кетеді.
- * Ескі киім – жаңа киімнің қорғаушысы.



- 1. СӨУКЕЛЕ
- 2. КИМЕШЕК
- 3. ҮКІЛІ ТАҚИЯ
- 4. БӨРІК, ТЫМАҚ
- 5. КӨЙЛЕК
- 6. КАМЗОЛ
- 7. ШАПАН
- 8. ТОН
- 9. ӘШЕКЕЙ, БҰЙЫМ
- 10. МӘСІ
- 11. Етік



- **Тапсырма 3** : Сөйлемді толықтырыңдар және аяқтаңдар.
- А) Қазақ халқы _демі б_йымдар ...
 - К_мешекті киген
 - Мәс_ аяқ ...
- Б) Б_рік және үк_лі тақия...
 - Шапанды ою-_рнекпен
 - С_укеле өте ...



Сергету кезені



Тапсырма 4: Сөзге фонетикалық талдау жаса, қанша буыннан тұратынын көрсет

- А) шапан, кимешек, бөрік
- Б) сәукеле, камзол, үкілі тақия



Тапсырма 4: Сөздерді тәуелдеу

- А) мәсі, әшекей
- Б) тон, бұйым



Тапсырма 5: Мәтін бойынша сұрақтар дайындандар. Кім көп сұрақ қояды және жауап береді.

Қазақ халқының ұлттық киімдері

Қазақ халқы ұлттық киімдерін сәндеп тіккен. Киімдері ашық түсті болған.

Көйлектері ұзын жеңді, етектері кең, желбіректер тігілген. Камзол, шапандарын ою-өрнекпен безендірген. Бас киімдері: үкілі тақия, сәукеле, бөрік, тымақ. Әжелер бастарына кимешек киген. Зергерлік бұйымдардан білезік, алқа, сырға, шопы таққан. Қазақ халқының ұлттық киімдері өте сәнді және көрікті.

Тапсырма 6: Мына суреттерге карап әңгіме құрандар





Сабақты бекіту :



